

«БІЛІМІМ – ОТАНЫМА»

АТТЫ МЕКТЕП БІТІРУ ІС-ШАРАЛАРЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ



2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІ
«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ (БҰДАН ӘРІ –
БАҒДАРЛАМА) ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ НЕГІЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ.

○ ○ ○ ○

БИЫЛҒЫ ОҚУ ЖЫЛЫНДА:

- академиялық адалдығын дамыту;
- жасанды интеллектіні қолдану;
- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.





«Бірлік және Үнтымақ»

Мамыр – «Бірлік және Үнтымақ» айында өткізуге ұсынылатын іс-шаралар:

1

«Біз әртүрліміз, бір теңбіз»

2

«Жас сарбаз»

әскери-патриоттық әндер фестивалі

3

Буллингтен қорған!

Қауіпсіз қоғам – сынып сағаттары

4

Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы

5

«Жасыл мекен»

челленджі

6

«Білімім – Отаныма!» - сынып сағаттары

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ТУРАЛЫ



Негізі: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің орта білім беру ұйымдарында «Білімім – Отаныма» мектеп бітіру іс-шараларын өткізу туралы тұжырымдамасы.

Ұйымдастырушылар: директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, оқу ісі жөніндегі орынбасары және сынып жетекшілері.

Мектеп бітіру іс-шарасының құрметті қонақтары: ата-аналар арасынан ұйымдастыру комитеті және қамқоршылық кеңесі мүшелері, белсенді түлектер, ардагер педагогтер, қаланың құрметті тұрғындары, түлектердің ата-аналары, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, демеушілер мен меценаттар, жоғарғы оқу орындарының өкілдері.

МЕКТЕП БІТІРУ ІС-ШАРАЛАРЫ

- 1 «Білімім - Отаныма» бірыңғай сынып сағаттары**
23 мамыр күні 1-11 сынып білім алушыларына 2-сабақта өткізіледі.
- 2 Салтанатты мектеп бітіру іс-шарасы**
24 мамыр күні сағат 10.00-де 11-сынып түлектері үшін оқу жылының қорытынды салтанатты іс-шарасы өтеді.
- 3 Қорытынды емтихандар**
9-сынып бітірушілері үшін 29 мамыр – 10 маусым аралығы
11-сынып түлектері үшін 30 мамыр – 16 маусым аралығы
- 4 Аттестат табыстау іс-шаралары**
Аттестаттарды **САЛТАНАТТЫ ТАБЫСТАУ** ағымдағы жылдың
13 маусым - 9 сынып оқушыларына, 19 маусым - 11 сынып оқушыларына
- 5 Қауіпсіздік шаралары**

ЕСКЕРТУ! МДББҰ түлектері мен 4-сынып оқушылары үшін салтанатты іс-шаралар өткізуге жол берілмейді!

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде ББҰ-да эссе байқауы өткізіледі

ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ:

- 1** **2025 жылғы 12 - 20 мамыр**
аралығында тақырыптық эссе жазу
- 2** **23 мамыр** сынып сағаттарында
қорытындылау, үздік жұмыстарды оқу,
марапаттау

ЭССЕ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

- 1** 1-4 сыныптар
«Таза Қазақстан» тақырыптық бағытында
- 2** 5-9 сыныптар
«Заң және тәртіп» тақырыптық бағытында
- 3** 10-11 сыныптар
«Адал азамат» тақырыптық бағытында

Педагогикалық әдепті сақтау және сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында:

- әкімшілік және педагог қызметкерлерге сыйлықтар алуға, ақшалай қаражат жинауға жол бермеу;
- мектеп бітіру іс-шаралары тек қана мектеп аумағында түлектердің, педагогтер мен ата-аналардың күшімен өткізілуі тиіс;
- мектеп бітіруші түлектердің ата-аналарына сәнді киімге жұмсалатын шығындардың орынсыздығы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
- мерекелік дастархандар (банкет) ұйымдастыруға тыйым салынады;
- жалға берілетін автокөліктерді пайдалана отырып, қалада, қала сыртында экскурсиялар өткізуге жол бермеу.

